

## Қордай ауданында иттер мен мысықтарды ұстау Ережелерін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Жамбыл облысы Қордай аудандық мәслихатының 2011 жылғы 28 шілдедегі N 39 -7 Шешімі. Жамбыл облысы Қордай ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 15 тамызда 6-5-126 нөмірімен тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Қордай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 30 мамырдағы № 6-4 шешімімен

**Ескерту.Күші жойылды - Жамбыл облысы Қордай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 30 мамырдағы № 6-4 шешімімен**

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексінің 3-бабының 2-тармағына және 311-бабына, « Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес аудандық мәслихат

### **Ш Е Ш І М**

### **Е Т Т І :**

1. Қоса беріліп отырған Қордай ауданында иттер мен мысықтарды ұстау Ережелері бекітілсін.

2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат  
сессиясының төрайымы*

*Аудандық  
мәслихат хатшысы*

*Г.Айтқұлова*

*Т.Сүгірбай*

Қордай

аудандық

мәслихаттың

2011

жылғы

28

шілдедегі

№ 39 - 7 шешімімен бекітілген

## Қордай ауданында иттер мен мысықтарды ұстау Ережелері

### 1.Жалпы ережелер

1. Осы Қордай ауданында иттер мен мысықтарды ұстау Ережелері (әрі қарай - Ережелер) «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексінің 3-бабының 2-тармағына және 311-бабына,

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес әзірленген және Қордай ауданында иттер мен мысықтарды ұстау тәртібін белгілейді.

2. Ережелер меншік түріне қарамастан иттер мен мысықтарды ұстайтын барлық жеке және заңды тұлғаларға таралады.

## **2.Иттерді және мысықтарды ұстау тәртібі**

3. Иттер және мысықтар жеке ветеринарлық төлқұжатын беру жолымен с ә й к е с т е н д і р і л е д і .

4. Иттер мен мысықтарды беру, сату, сатып алу, сонымен қатар аудан аумағынан тысқары шығару, кіргізу олардың «құтыруға қарсы егілген» белгісі бар ветеринариялық төлқұжаты болған жағдайда рұқсат етіледі.

5. Мыналарға жол берілмейді:

1) тіркелмеген (есепке алынбаған) және ветеринарлық егуден өтпеген иттер мен мысықтарды ұстауға ;

2) иттер мен мысықтарды көп пәтерлі тұрғын үйлердің аулаларында, балалар ойнайтын, көпшілік шаралар өткізілетін алаңдарда серуендетуге;

3) иттерді тұмылдырықсыз және ұзын шылбырда серуендетуге;

4) мас күйіндегі адамдар мен 14 жасқа толмаған жасөспірімдерге иттерді серуендетуге ;

5) адамдардың шомылуына арналған орындарда, су бұрқақтарда және су алу орындарында иттер мен мысықтарды шомылдыруға;

6) тұрғын үй қоры пәтерлерінде және жеке тұрғын үйлерде қандай да болмасын иттер мен мысықтардың түрлері үшін паналау баспанасы мен питомниктер ұйымдастыруға ;

7) иттер мен мысықтарды оның терісін пайдалануға, етін тұтынуға, өңдеу және сату үшін оларды ұстауға немесе аулауға;

8) аудан аумағында иттерді таластыру және басқа да жануарларға қатысты қатыгез іс-шаралар ұйымдастыру мен өткізуге, (жануарларға зақым келтірмейтін және күзетші иттерді өсіру үшін дұрыс тұқымдық сұрыптау жүргізуге мүмкіндік беретін, арнайы ережелермен иттердің жұмыс сапаларын тексеруді көздейтін жағдайларды қоспағанда) ;

9) иттерді және мысықтарды көп пәтерлі тұрғын үйлердің ортақ пайдаланатын орындарына, дүкендердің сауда жасау алаңдарына және жатақханаларға әкелуге және ұстауға.

6. Адамдарды немесе жануарларды тістеген иттер және мысықтар тез арада оқшауланып, бақылау жасау үшін жақын маңдағы ветеринариялық емдеу

мекемесіне

жеткізіледі.

7. Иттерді және мысықтарды ұстау ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) ережелер мен нормативтерге сәйкес жүзеге асырылады.

8. Санитарлық-гигиеналық, зоогигиеналық талаптар мен осы Ереженің талаптарын орындаған жағдайда мыналарға рұқсат беріледі:

1) көп пәтерлі тұрғын үйдегі бір отбасы пәтерінде ірі немесе орта тұқымды екі итті және екі мысықты үш айға дейінгі ұрпақтарын қоса ұстауға (жасы үш айдан асқан күшіктер мен мысықтар жаңа иелеріне немесе қаңғыбас жануарларды аулау және ұстаумен шұғылданатын арнайы мекемеге беруілуі тиіс, ол жануарлардың ветеринариялық төлқұжатымен қоса жүзеге асырылады.);

2) бірнеше жанұялар тұратын тұрғын жайда (коммуналдық пәтер), тек өзінің жанұясы тұратын тұрғын жайында барлық пәтерде тұрушылардың жазбаша келісімі бойынша көршілердің дәрігерлік кері көрсеткіші (ұшыну) болмаса екі ит пен мысықты тек өзі тұратын тұрғын жайда ұстауға;

3) иттерді тұмалдылықсыз және шылбырсыз бос ұстау: елді мекендерден тыс жерлерде, мал табындары мен отарларында.

9. Осы Ережені сақтау үшін уәкілетті органдарға жәрдемдесу мақсатында пәтер иелері кооперативтеріне, тұрғын үй кооперативтеріне, жеке жайлар иелері кооперативтеріне, кондоминиумдарға:

1) жертөлелердің, шатырлар астын және басқа да қосалқы үй-жайларға кіреберістерді иттер мен мысықтардың кіріп кетуіне жол бермейтіндей жабық күйінде ұстау;

2) жануарларды аулаумен айналысатын ұйымдарға өзінің аумағында қаңғыбас иттер мен мысықтардың бары туралы хабарлау;

3) өз қарамағындағы үйлерде пәтер иелері ұстайтын жануарлардың саны туралы мәліметтерді жинау және оларды тіркеуді жүзеге асыру үшін уәкілетті органдарға (тіркеу органдарына) беру ұсынылады.

### **3.Иттер мен мысықтарды аулау**

10. Қоғамдық орындарда иесіз жүрген иттер (осы Ережелердегі 8-тармақтың 3) тармақшасында көрсетілгендерден басқасы) мен мысықтар (көшелерде, үй аулаларында, саябақтарда, скверлерде және басқа орындарда), кәсіпорындар мен мекемелерде иесі байлап кеткен жануарлардан басқасы, қаңғыбас деп есептеледі және өлген жануарлардың өліктерін жинайтын және қаңғыбас жануарларды аулайтын арнайы мекеменің аулауына жатады.

Ауланған қаңғыбас жүрген иттер мен мысықтар жаңа иесіне беріледі немесе дәрі қолдану жолымен жансыздандырылып (ұйықтатылады) мал көмінділерінде залалсыздандырылады.

#### **4.Қорытынды ережелер**

11. Осы Ережені бұзғаны үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес белгіленеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК